

Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 7/6-VI "Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 ақпандағы № 30/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 наурызда № 5747 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 - бабының 2 - тармағына сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 7/6-VI "Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4793 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Глубокое ауданы бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Глубокое аудандық
мәслихатының хатшысы*

Е. Псарұв

А. Баймульдинов